«ЛИДЕР ОТРАСЛИ» «БЕЗУПРЕЧНО» «СЕРТИФИКАТ» «ВЫБОР ГОДА» STANDARD &POOR'S BB- /СТАБИЛЬНЫЙ/

Өнім берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандырудың үлгілік шарты

Шымкент қаласы **В-Д-И 500-25-9760496/418791ДС** **2023 жылғы «19» желтоқсан**

Бұдан әрі "Сақтандырушы" деп аталатын, "НОМАД Иншуранс" сақтандыру компаниясы" акционерлік қоғамы Филиал Шымкент-2 атынан 20.12.2022 жылғы №394 сенімхат, "жалпы сақтандыру" саласы бойынша 2019 жылғы "13" ақпан № 2.1.38 сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін жүзеге асыру құқығына лицензияның және Сақтандыру қағидаларының негізінде әрекет ететін Ким В.О. Шымкент – 2 филиалының директоры бір тараптан және

бұдан әрі "Сақтанушы" деп аталатын, "БатысАльянсСтрой" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, ЖСН 021040004147, атынан Жарғы негізінде әрекет ететін, Бас директор Жұбанов Жаңабай Орынбасарұлы екінші тараптан, бірлесіп "Тараптар" деп аталатындар, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – Азаматтық кодекс), "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының, "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының негізінде тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз ету/ аванса тең мөлшерде авансты (егер мемлекеттік сатып алу туралы шартта аванс көзделген жағдайда) қамтамасыз ету мақсаттары үшін төмендегілер туралы 2023 жылғы "08" желтоқсан №65/5 қосымша келісім шарт, 2022 жылғы "02" тамыз №65 Мемлекеттік сатып алу туралы шартқа осы Сақтандыру шартын (бұдан әрі – Шарт) жасасты.

1. Шартта қолданылатын негізгі ұғымдар

Осы Шартта мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) Пайда алушы – осы Шартқа сәйкес сақтандыру төлемін алушы болып табылатын тұлға ("Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 2-бабының 27) тармақшасына сәйкес тапсырыс беруші);

2) Сақтандырушы – сақтандыру ұйымы ретінде тіркелген және қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган берген сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензиясы бар, сақтандыру жағдайы басталған кезде пайдасына осы Шарт жасалған тұлғаға (Пайда алушы) осы Шартта айқындалған сома (сақтандыру сомасы) шегінде сақтандыру төлемін жүргізуге міндетті заңды тұлға;

3) Сақтанушы – Сақтандырушымен осы Шартты жасасқан тұлға ("Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 2-бабының 24) тармақшасына сәйкес өнім беруші);

4) сақтандыру жағдайы – Пайда алушының мүліктік мүдделеріне келтірілген зиянды өтеу бойынша Сақтанушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігінің басталу фактісі;

5) сақтандыру объектісі – Сақтанушының тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауы немесе тиісінше орындамауы салдарынан Пайда алушының келтірілген мүліктік зиянды өтеу міндетіне байланысты мүліктік мүддесі;

6) сақтандыру сомасы – сақтандыру объектісі сақтандырылған ақша сомасы және сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемін білдіреді;

7) сақтандыру сыйлықақысы – Сақтанушының Сақтандырушыға, соңғысы Пайда алушыға осы Шартта айқындалған мөлшерде сақтандыру төлемін жүргізу міндеттемелерін қабылдағаны үшін төлеуге міндетті ақша сомасы;

8) сақтандыру төлемі – сақтандыру төлемі – сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушының Пайда алушыға сақтандыру сомасының шегінде төлейтін ақша сомасы.

2. Шарттың мәні

Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын төлеуге міндеттенеді, ал Сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған кезде осы Шартта көзделген көлемде және талаптарда Пайда алушыға сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндеттенеді.

3. Пайда алушы

Осы Шарт бойынша Пайда алушы **"Қалалық құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесі**
(тапсырыс берушінің атауы)
Қазақстан Республикасы, Атырау облысы, Атырау қаласы, МАХАМБЕТ ӨТЕМИСҰЛЫ, 72.
(заңды мекен-жайы)
020740003270
(тапырыс берушінің бизнес-сәйкестендіру нөмірі)
болып табылады.

4. Сақтандыру сомасының және сақтандыру сыйлықақысының мөлшері

4.1. Осы Шарт бойынша сақтандыру сомасы 271 409 214,33 (Екі жүз жетпіс бір миллион төрт жүз тоғыз мың екі жүз он төрт) теңге 33 тиын мөлшерінде белгіленді (тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) туралы мемлекеттік сатып алу туралы шарттың сомасының кемінде үш пайызы/аванса тең мөлшерде авансты қамтамасыз ету сомасы (егер мемлекеттік сатып алу туралы шартта аванс төлеу көзделген жағдайда).

4.2. Осы Шарт бойынша сақтандыру сыйлықақысы 8 142 276,43 (Сегіз миллион бір жүз қырық екі мың екі жүз жетпіс алты) теңгені 43 тиын құрайды және Сақтандырушыға 2023 жылғы "25" желтоқсанға дейінгі мерзімде біржолғы төлеммен толық көлемде төленуі тиіс.

4.3. Осы Шарт бойынша сақтандыру сыйлықақысы Сақтанушының ақшаны Сақтандырушының осы Шартта көрсетілген банктік шотына ақша аудару жолымен қолма-қол ақшасыз төлеммен төленуі тиіс.

5. Сақтандыру жағдайы

5.1. Осы Шарт бойынша өнім берушіге Пайда алушының мүліктік мүдделеріне келтірілген зиянды өтеу бойынша Сақтанушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігінің басталу фактісіболып табылады.

5.2. Сақтандыру жағдайының басталуын растайтын құжат, растаушы құжаттардың көшірмелерін қоса бере отырып, Пайда алушы Сақтандырушының атына жіберген жазбаша хабарлама болып табылады:

1) тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) мемлекеттік сатып алу туралы шарттың көшірмелері;

2) Сақтанушыға тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) мемлекеттік сатып алу туралы шартты орындамау немесе тиісінше орындамау туралы жіберілген хабарламалар, талаптар, наразылықтар, ескертулер;

3) егер олар бар болса және Сақтанушы мен Пайда алушы қол қойған жағдайда қабылдап алу-беру, орындалған жұмыстар, көрсетілген қызметтер актілерінің көшірмелері;

4) бар болса қабылданған тауарлар, орындалған жұмыстар, көрсетілген қызметтер үшін есеп айырысулар бойынша салыстыру актісінің көшірмесі;

5) сақтандыру жағдайының басталу фактісін және келтірілген залал сомасын тіркеген және растайтын құжаттар.

5.3. Сақтандыру жағдайын, сондай-ақ сақтандыру төлемді заңсыз түрде алуға бағытталған өзге де алаяқтық әрекеттерді қасақана жасау Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне сәйкес жауапкершілікке әкеп соғады.

6. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

6.1. Сақтанушы:

1) Сақтандырушыдан осы Шарт бойынша Сақтандыру қағидаларын, сақтандыру шарттарын, өз құқықтары мен міндеттерін түсіндіруді талап етуге;

2) Сақтандыру шартының телнұсқасын жоғалтқан жағдайда, оны алуға құқылы;

3) Осы Шартта көзделген негіздер бойынша Шартты мерзімінен бұрын бұзу.

6.2. Сақтанушы:

1) осы Шартты жасасқан кезде Сақтандырушыға ұсынылған мәліметтерді растайтын қажетті мәліметтер мен құжаттардың ұсынуға (Сақтандырушының талабы бойынша);

2) осы Шартты жасасқан кезде Сақтандырушыға сақтандыру тәуекелін бағалау үшін оған белгілі барлық мән-жайлар туралы хабарлауға;

3) осы Шарттың 4.2-тармағында белгіленген мөлшерде, тәртіпте және мерзімде сақтандыру сыйлықақысын төлеуге;

4) Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының жай-күйі туралы дереу хабарлап, бірақ кез келген жағдайда 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының артуы туралы хабарлауға міндетті;

5) сақтандыру жағдайының басталған мән-жайларының тергеуін қамтамасыз етуге;

6) сақтандыру жағдайының себептерін, барысын және салдарларын анықтау шараларын, сондай-ақ сақтандыру жағдайынан туындаған шығындарды азайту шараларын қолдануға;

7) Сақтандыру жағдайының басталу мән-жайларын тергеуде Сақтандырушыға сақтандыру жағдайы бойынша қолда бар ақпаратты хабарлауға және қажетті көмек көрсетуге;

8) Сақтандырушыға оның талабы бойынша Сақтанушының сотқа дейінгі немесе сот тәртібінде үшінші тұлғалармен дауларды реттеу кезіндегі өкілеттігін ұсынуға;

9) сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға талап ету құқығының Сақтандырушыға ауысуын қамтамасыз етуге;

10) сақтандыру жағдайы басталған кезде 2 (екі) жұмыс күні ішінде осы Шарттың 5.2-тармағында көрсетілген құжаттарды Сақтандырушыға табыс етуге міндетті;

11) Сақтандырушыға ол жүзеге асырған сақтандыру төлемін Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда, оны жүзеге асырған күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде толық көлемде өтеуге міндетті.

Сақтандырушыға сақтандыру төлемін жүзеге асыруға байланысты сақтандыру төлемінің сомасын және шығыстарды уақтылы өтемеген жағдайда, Сақтанушы Сақтандырушыға әрбір кешіктірілген күн үшін өтелуге жататын сомадан 0,1% (нөл нүктесі оннан бір) пайыз мөлшерінде тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті;

12) осы Шартты жасасқан кезде және оның қолданылу мерзімі ішінде Сақтандырушыны өнім берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандырудың барлық қолданыстағы немесе жасалған шарттары туралы хабардар етуге міндетті.

6.3. Сақтандырушы:

1) Сақтанушы ұсынған мәліметтер мен құжаттарды, сондай-ақ Сақтанушының осы Шарттың талаптары мен шарттарын орындауын тексеруге;

2) Сақтанушыдан сақтандыру жағдайының басталу ықтималдығын, және ықтимал залалдың (сақтандыру тәуекелінің) мөлшері мен сақтандыру тәуекелінің бағасын айқындау үшін елеулі маңызы бар мән-жайлар туралы мәліметтерді алуға;

3) осы Шартпен белгіленген мөлшерде, тәртіпте және мерзімде сақтандыру сыйлықақысын алуға;

4) сақтандыру жағдайының басталуы туралы хабарлама мен оның құжаттамалық дәлелдерін алуға;

5) сотқа дейін немесе сот тәртібінде үшінші тұлғалармен дауларды реттеу кезіндегі Сақтанушының өкілеттігін алған кезінде Сақтанушы атынан сот органдарында сөз сөйлеуге;

6) осы Шарттың талаптарын өзгертуді немесе тәуекелдің ұлғаюына мөлшерлес қосымша сақтандыру сыйақысын төлеуді талап етуге;

7) сақтандыру төлемін жүзеге асырғаннан кейін Сақтанушыға қойылатын талап ету мөлшерін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте даулауға;

8) сақтандыру төлемін жүзеге асырғаннан кейін осы Шарттың 6.2-тармағының 11) тармақшасында және 8.1-тармағында көрсетілген жағдайларда Сақтанушыға, не сақтандыру жағдайының басталуына жауапты өзге тұлғаға кері талап қою құқығын ұсыну;

9) сақтандыру төлемін жүзеге асырғаннан кейін тиісті мемлекеттік органдардан және ұйымдардан, олардың құзыретіне қарай, сақтандыру жағдайының басталу фактісін және Пайда алушыға келтірілген залал мөлшерін растайтын құжаттарды сұратуға құқылы.

6.4. Сақтандырушы:

1) осы Шарт бойынша Сақтанушыны сақтандыру қағидаларымен, сақтандыру шарттарымен, оның құқықтарымен және міндеттерімен таныстыруға;

2) Сақтанушының сақтандыру жағдайының басталуы туралы өтінішін уақтылы қабылдауға;

3) Сақтанушы тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) туралы мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда Сақтанушы тарапынан жүгініске және сақтандыру жағдайының басталуын растайтын құжаттардың ұсынылуына не ұсынылмауына қарамастан хабарлама және осы Шарттың 5.2-тармағында көрсетілген құжаттарды алған күннен бастап бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде сақтандыру төлемін жүзеге асыру жолымен Пайда алушының тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) сақтандыру сомасын төлеу туралы талабын орындауға;

4) сақтандырудың құпиясын қамтамасыз етуге;

5) Сақтанушыға сақтандыру жағдайы кезіндегі шығындарды азайту үшін жүргізілген шығыстарды өтеуге;

6) Сақтанушы не оның өкілі барлық қажетті құжаттарды ұсынбаған жағдайда, дереу, бірақ 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмей оларды жетіспейтін құжаттар туралы жазбаша хабардар етеді.

6.5. Пайда алушы осы Шартта белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру төлемін алуға құқылы.

6.6. Пайда алушы Сақтанушы тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) туралы мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда Сақтандырушыға сақтандыру төлемдерін төлеу туралы талапты жібереді.

6.7. Сақтанушыда, Сақтандырушыда және Пайда алушыда осы Шартта және Қазақстан Республикасының заңдарында қарастырылған өзге де құқықтары мен міндеттері бар.

7. Сақтандыру төлемінің мөлшерін және оны жүзеге асыру тәртібін айқындау

7.1. Сақтандыру жағдайының басталу фактісі Пайда алушының төлем деректемелерін, сондай-ақ осы Шарттың 5.2-тармағында көрсетілген құжаттардың толық тізбесін көрсете отырып, Пайда алушы жазбаша нысанда жіберген тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерді Сақтанушының орындамауы не тиісінше орындамауы туралы талап негізінде белгіленеді.

7.2. Сақтандыру төлемі осы Шартпен белгіленген сақтандыру сомасы шегінде жүзеге асырылады және одан аса алмайды.

7.3. Егер сақтандыру жағдайы осы Шарттың қолданылу мерзімі ішінде болса, сақтандыру төлемі жүргізіледі.

8. Сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға кері талап қою құқығы

8.1. Сақтандыру төлемін жүзеге асырған Сақтандырушының Сақтанушыға жүзеге асырылған сақтандыру сомасы шегінде кері талап қоюға құқығы бар.

8.2. Сақтандыру төлемін жүзеге асырған сақтандырушыға ол төлеген сома шегінде сақтанушының сақтандыру нәтижесінде сақтандырушы өтеген залалдар үшін жауапты адамға кері талап ету құқығы ауысады.

8.3. Пайда алушы сақтандыру төлемін алған кезде, Сақтанушы Сақтандырушыға барлық құжаттар мен дәлелдемелерді беруге және Сақтандырушының талап ету құқықтарын жүзеге асыруға қажетті барлық мәліметтерді хабарлауға міндетті.

9. Сақтандырушыны сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босату негіздері

9.1. Сақтандырушының сақтандыру төлемдерін жүзеге асырудан бас тартуына мыналар:

1) Пайда алушының сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғадан тиісті шығындардың өтелуін

алу;

2) Сақтандырушының сақтандыру сомасы мөлшерінде сақтандыру төлемін жүзеге асыруы;

3) Азаматтық кодекстің 839-бабының 2-тармағында көзделген негіздер негіз болуы мүмкін.

9.2. Сақтандыру Пайда алушының/Сақтанушының моральдық зиянын, жоғалтқан пайдасын, залалдарын, айыппұлдарды, тұрақсыздық айыптарын, өсімпұлдарды өтемейді.

10. Тараптардың жауапкершілігі және еңсерілмейтін күштердің мән-жайлары

10.1. Тараптар Қазақстан Республикасының заңмалық актілеріне және осы Шартқа сәйкес Шарттың талаптарын орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жауапкершілікте болады.

10.2. Егер тиісті орындау еңсерілмейтін күштердің мән-жайлары салдарынан мүмкін болмаса, Шарттың Тараптары осы Шарт бойынша міндеттемелерді ішінара немесе толық орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады.

10.3. Төтенше және тойтаруға болмайтын мән-жайлар, оның ішінде дүлей құбылыстар, соғыс қимылдары, төтенше жағдай және тараптар болжай алмаған және осы Шарттың орындалуына тікелей әсер еткен осыған ұқсас өзге де мән-жайлар еңсерілмейтін күштің мән-жайлары болып табылады.

Ондай мән-жайларға, атап айтқанда, міндеттемені орындау үшін қажетті тауарлардың, жұмыстардың немесе қызмет көрсетудің рынокта болмауы жатпайды.

10.4. Еңсерілмейтін күштің мән-жайлары тоқтатылғаннан кейін 2 (екі) жұмыс күні ішінде еңсерілмейтін күш мән-жайларына ұшыраған Тарап басқа Тарапқа еңсерілмейтін күш мән-жайларының аяқталғаны және өз міндеттемелерінің орындалуын жаңғырту туралы жазбаша хабардар етуі тиіс.

10.5.Тиісінше хабардар етпеу, осы Шарт бойынша міндеттерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Тарапты жауапкершіліктен босатуға негіз ретіндегі жоғарыда көрсетілген кез-келген мән-жайларға сілтеме жасау құқығынан айырады.

10.6. Еңсерілмейтін күш салдарынан болған мән-жайлар тиісті құзыретті мемлекеттік органдар мен ұйымдардың құжаттарымен расталуы тиіс.

11. Шарттың қолданыс мерзімі

11.1. Осы Шарт Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын төлеген сәттен бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болады және өнім беруші тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындаған сәтке дейін қолданылады, атап айтқанда 2023 жылғы "19" желтоқсанан 2024 жылғы "31" желтоқсанға дейін.

11.2. Сақтандыру қорғау қолданысы кезеңі Шарттың қолданыс мерзімімен сәйкес келеді.

11.3. Осы Шарттың қолданылу орны Қазақстан Республикасының аумағы болып табылады.

12. Шарт талаптарын өзгерту

Шарт талаптарын өзгерту Тараптардың бірінің өтініші негізінде екінші Тарап Пайда алушының жазбаша келісімі қоса берілген өтінішті алған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күн ішінде Пайда алушының жазбаша келісімімен Сақтандырушы мен Сақтанушының өзара келісімі бойынша жүргізіледі және Тараптардың осы Шартқа қосымша келісімімен рәсімделеді.

13. Шартты мерзімінен бұрын тоқтату және бұзу

13.1. Осы Шарт мынадай:

1) Шарттың қолданыс мерзімінің өтуі;

2) Азаматтық Кодекстің 841-бабына сәйкес осы Шартты мерзімінен бұрын тоқтату;

3) Осы Шарттың қолданыс мерзімі ішінде орын алған сақтандыру жағдайы бойынша Сақтандырушы осы Шартта белгіленген жалпы сақтандыру сомасы мөлшерінде сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруы;

13.2. Осы Шарттың мерзімінен бұрын тоқтатылуы шарт талаптары Сақтандырушының кінәсі бойынша оның шарттары орындалмаған немесе осы Шартты Сақтандырушының орындау мүмкіндігі болмаған жағдайда, соңғысы оған төленген сақтандыру сыйақысын Сақтанушыға толық қайтаруға міндетті.

13.3. Осы Шарттың 13.1-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген негіз бойынша осы Шарт мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде, қайтарылуға жататын сыйлықақы сомасының 0,1% (нөл нүктесі оннан бір) пайызы мөлшерінде әкімшілік шығыстарды алып тастағанда Сақтандырушының сақтандыру сыйлықақысының сақтандыру қолданылған уақытқа бара-бар бір бөлігіне құқығы бар.

13.4. Осы Шартының мерзімінен бұрын тоқтатылуы оның талаптарын Сақтанушының орындамауынан туындаған жағдайда, төленген сақтандыру сыйақысы қайтарылуға жатпайды.

13.5. Осы Шарттың тоқтатылуы осы Шарттың қолданысы кезеңінде сақтандыру жағдайынан болғаны мойындалған сақтандыру жағдайы бойынша Сақтандырушыны Пайда алушыға сақтандыру төлемін жүзеге асыру жөніндегі міндетінен босатпайды. Сақтандыру жағдайында болған әрекет кезеңінде осы Шартты жасасқан Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырады.

Пайда алушының мұндай талаптары Сақтандырушының атына осы Шарттың қолданылу мерзімі өткен күннен бастап 3 (үш) жылдан кешіктірілмей жіберілуге тиіс.

14. Дауларды шешу тәртібі

14.1. Осы Шарттың ережелерімен реттелмеген Тараптардың өзара қарым-қатынастары Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

14.2. Тараптар арасында осы Шарт бойынша туындайтын барлық даулар келіссөздер жүргізу жолымен шешіледі.

14.3. Келісімге келмеген Тараптардың келіспеушіліктері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібінде шешіледі.

15. Қорытынды ережелер

15.1. Осы Шартқа қосымша, өзгерістер мен толықтырулар оның ажырамас бөлігі болып табылады және егер олар жазбаша нысанда жасалған және оларға екі Тарап қол қойған жағдайда ғана олардың заңды күші болады.

15.2. Тараптар "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасы Заңын, оның ішінде қажетті құжаттарды, мәліметтерді, растау жолымен тапсыру арқылы талаптарын орындайды.

15.3. Осы Шарттың талаптарында көзделмеген қалған өзара қарым-қатынастар Азаматтық кодекспен реттеледі.

15.4. Шарт 3 (үш) данада, әрбір Тарап үшін және біреуі Пайда алушы үшін әрқайсысының заңды күші бірдей мемлекеттік тілде және орыс тілінде жасалады.

15.5. Тараптардың бірде бірі осы Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін екінші Тараптың және Пайда алушының жазбаша келісімінсіз үшінші тарапқа беруге құқығы жоқ.

15.6.Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, Тараптар уағдаластыққа қол жеткізілген және бір біріне берілетін ақпараттардың құпиялылығын сақтауға міндеттенеді.

16. Тараптардың деректемелері:

"САҚТАНДЫРУШЫ":	"САҚТАНУШЫ":
"НОМАД Иншуранс" сақтандыру компаниясы" акционерлік қоғамы Филиал Шымкент-2 Қазақстан Республикасы, 160000, Шымкент қ., көш. Адырбеков, 34Б. ЖСН: 090141004126. ЖСК: KZ29826X0KZTD2003603 БСК: TSESKZKA «First Heartland Jýsan Bank» АҚ Экономика секторының коды 5, Резидентураның белгісі-1, Кбе-15 Сақтандыру агенті: ИП К.Ә. ЖСН 970913401366 Тел.: +7(707) 710-09-30. (What's APP) E-mail: shym.nomad.ins@inbox.ru Комиссия жоқ **Шымкент-2 филиалының директоры** _____**/Ким В.О.** **М.П.**	**"БатысАльянсСтрой" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі** Қазақстан Республикасы, Атырау қ., ГУРЬЕВСНАБ индустриялық аймақ, 27А. ЖСН: 021040004147 ЖСК: KZ046010141000146877 БСК: HSBKKZKX "Қазақстан Халық Банкі" АҚ Резидент *РК*/ Бейрезидент __/ (елді көрсету) Экономикалық қызмет түрі 7 Кбе - 17 **Бас директор** _____**/Жубанов Ж.О.** **М.П.**